

*К.М. Шекербеков*¹, А.Ә.Якуб², Р.М. Купбаева³*

¹Phd докторанты, ОҚМПУ

E-mail: shkm_79@mail.ru

²аға оқытушы, Қ.А.Ясауи атындағы ХҚТУ

³аға оқытушы, Шымкент университеті

Шымкент қ., Қазақстан E-mail: mahsyf2022@mail.ru

САЯСИ ҚУҒЫН-СҮРГІНГЕ ҰШЫРАҒАН ШЫМКЕНТ ҚАЛАСЫНЫҢ ОҚУ-АҒАРТУ ҚАЙРАТКЕРЛЕРІНІҢ САН ҚИЛЫ ТАҒДЫРЫ (мерзімді басылымдардың тарихи материалдары бойынша)

Аңдатпа

Мақалада Кеңестік Қазақстан кезеңіндегі саяси қуғын-сүргін мәселесі біршама сараланып, әсіресе қуғын-сүргінге ұшыраған Шымкент қаласының оқу-ағарту қайраткерлерінің рухани мұрасы, олардың мәні жоғалмаған мақалалары мейлінше талдап-таразыланады. Сонымен қатар талапкер зерттеуші қуғын-сүргін қасіретін күні бүгінге дейін құпия болып келген Түркістан облысы мұрағат құжаттары мен мерзімді басылымдардың құнды деректер мен мағлұматтары арқылы ашып көрсетуге тырысқан.

Жалпы есімі елге етене таныс емес тұлғалар шығармашылығы мен қызметі, Шымкент қаласы оқу-ағарту жүйесіне қосқан үлесі мен еңбектері және олардың бай мұрасына ғылыми тұрғыда оң баға беру, ҚР Ұлттық кітапханасының сирек қорында сақталған кеңестік баспасөздегі Оңтүстік зиялыларының елеулі еңбектері де назардан тыс қалмаған. Сондай-ақ авторлар Шымкент зиялыларының «Ақ жол» газетінің беттеріндегі мұрасының мән-маңызына да біршама тоқталады.

Кілт сөздер: Рухани жаңғыру, жаңа Қазақстан, саяси қуғын-сүргін, оқу-ағарту жүйесі, оңтүстік ағартушылары, әдеби жәдігерлер, ағарту саласы, білім беру, Иса Токтыбаев, Әшірбек Үсенов, Жүсіпбек Арыстанов, Тәңірберген Отарбаев, Жұмабек Қыстаубаев.

*К.М. Шекербеков*¹, А.Ә.Якуб², Р.М. Купбаева³*

¹докторант Phd, ЮКГПУ

E-mail: shkm_79@mail.ru

² старший преподаватель, МКТУ им. Х.А. Ясауи

³старший преподаватель, Шымкентский университет

г. Шымкент, Казахстан

E-mail: mahsyf2022@mail.ru

СУДЬБА МНОГОЧИСЛЕННЫХ ПОЛИТИЧЕСКИ РЕПРЕССИРОВАННЫХ ДЕЯТЕЛЕЙ ПРОСВЕЩЕНИЯ ГОРОДА ШЫМКЕНТ (по историческим материалам периодических изданий)

Аннотация

В статье анализируются некоторые проблемы политических преследований в период советского Казахстана, в особенности максимально рассматривается духовное наследие репрессированных интеллектуалов города Шымкент, их статьи, не утратившие свои исторические значения. При этом авторы статьи по мере возможности старались раскрыть все ужасы репрессии через факты ценных документов и материалов периодических изданий архивов Южного Казахстана, которые до сегодняшнего дня еще не были опубликованы.

Также без внимания не остались творчество и труд людей, имена которых не известны еще нашей стране. Даны положительные оценки их богатому научному наследию по значительным трудам в советской печати просветителей Южного Казахстана, сохранившиеся в редком собрании

Национальной библиотеки Республики Казахстан. Также авторы акцентируют внимание на важности наследия Шымкентской интеллигенции на страницах газеты «Ак жол».

Ключевые слова: Духовное возрождение, Новый Казахстан, политическая репрессия, система просвещения, просветители южного Казахстана, литературные реликвии, просвещение, образование, Иса Токтыбаев, Аширбек Усенов, Жусипбек Арыстанов, Танирберген Отарбаев, Жумабек Кыстаубаев.

K.M. Shekerbekov^{1}, A.A.Yakub², R.M. Kupbaeva³*

Doctoral student at South Kazakhstan State Pedagogical University¹

E-mail: shkm_79@mail.ru

senior lecturer, H.A. Yasawi IKTU²

senior lecturer, Shymkent University³

Shymkent, Kazakhstan E-mail: mahsyat2022@mail.ru

THE FATE OF NUMEROUS POLITICALLY REPRESSED FIGURES-EDUCATORS OF THE CITY OF SHYMKENT (according to historical materials of periodicals)

Abstract

The article analyzes some problems of political persecution during the period of Soviet Kazakhstan, in particular, the spiritual heritage of the repressed intellectuals of the city of Shymkent, their articles that have not lost their historical significance, is considered as much as possible. At the same time, the authors of the article, as far as possible, tried to reveal all the horrors of repression through the facts of valuable documents and materials of periodicals of the archives of Southern Kazakhstan, which have not yet been published.

Also, the creativity and work of people whose names are still unknown to our country have not been left without attention. Positive assessments are given to their rich scientific heritage based on significant works in the Soviet press of the enlighteners of Southern Kazakhstan, preserved in the rare collection of the National Library of the Republic of Kazakhstan. The authors also focus on the importance of the heritage of the Shymkent intelligence on the pages of the newspaper "Ak Zhol".

Key words: Spiritual revival, New Kazakhstan, political repression, enlighteners of southern Kazakhstan, literary relics, enlightenment, education, Isa Toktybayev, Ashirbek Usenov, Zhusipbek Arystanov, Tanirbergen Otarbayev, Zhumabek Kystaubayev.

Кіріспе. Ел Президенті Қасым-Жомарт Тоқаевтың 2020 жылдың күзіндегі Саяси қуғын-сүргін құрбандарын толық ақтау комиссиясын жасақтауы тарих қатпарында қалып қойған, ұлт үшін ұшан-теңіз еңбек еткен асыл тұлғаларымыздың құнды құжаттарын шаң басқан архивтерден аршып алып, ұрпақ санасына сіңіру екені анық.

Сол себепті де ол «Тәуелсіздік бәрінен қымбат» атты мақаласында «... Әрбір халық өзінің арғы-бергі тарихын жазуы керек. Бөтен идеологияның жетегімен жүруге болмайды. Ұлттық мүдде тұрғысынан жазылған шежіре ұрпақтың санасын оятып, ұлттың жадын жаңғыртуға мүмкіндік береді...»,- деп, орнықты ойын ортаға салып, тарихымыздың тасада қалған тұлғаларын тану үдерісі тоқтамайтынын баса айтқан болатын.

Ал тарихты тану түптеп келгенде, Жаңа Қазақстанды сомдауға септесіп, рухы биік ұрпақтың қатарының артуына алып келеді. Демек, тәуелсіздік дәуіріндегі текті ұрпақ та бабадан қалған жолды басты бағдар етіп, келісті келешекке, жаңғыру мен жаңару жағалауына батыл адымдауы тиіс. Демек Шымкенттік ағартушылардың күні бүгінге дейін елеусіз қалған рухани мұрасын зерделеуге талпынудың маңызы бөлек. Әрі бұл оң бастаманы ғылыми тұрғыда саралау да өте өзекті болып отыр.

Мақсаты:

Бүгінгі таңда саяси қуғын-сүргінге ұшыраған тұғырлы тұлғаларымызды тану – басты мақсат. Осы мақсатта бұл тың тақырыпты ғылыми түрде талдап-таразылау Жаңа Қазақстанды сомдауға батыл кіріскен қазақ қоғамы үшін де өте қажет. Осыған сәйкес мақалада мынадай мәселелер қарастырылды:

- Жаһандану дәуірінде Тәуелсіз Қазақстанның ұлттық бәсекеге қабілеттілігін арттыруда, «Рухани жаңғыру» үдерісінде Кеңестік кезеңде ұлтқа тұтқа болған қайраткерлердің өнегелі өмірінің басты насихат құралының біріне айналғанын көрсету;

- Тәуелсіздік табыстарын тереңдете зерттеумен бірге саяси-құрғын зардабын да жан-жақты қарастыру;

- Кеңестік баспасөздің қатаң сүзгісіне қарамай, ұлт сөзін айта білген арыстардың қаламгерлік һәм қоғамдық-саяси қызметін саралау мен пайымдау арқылы оның ұлтты рухани жаңғыртудағы зор ықпалын зерделеу.

Материалдар мен әдіс-тәсілдер:

Сондай-ақ мақалада Кеңестік Қазақстан дәуіріндегі Оңтүстік Қазақстан ағартушы-қаламгерлерінің 1921-1938 жылдар аралығындағы баспасөздегі басты жетістіктерін қамтиды. Яғни Оңтүстік Қазақстандық ағартушы-қаламгерлердің 1920-1930 жылдардағы қоғамдық-әлеуметтік пікірлердің ұйытқысы болған мерзімді басылымдарға жарияланған мақалаларына кеңірек тоқталу арқылы ұлт руханиятына аса ауыр соққы болып тиген жаппай қуғын-сүргіннің Оңтүстіктің саяси элитасына келтірген зардабын талдап-таразылай отырып, мұрағат қорларындағы құпия құжаттарды тереңірек талдауға талпыныс жасалған, салыстырмалы-тарихи, жинақтау, жүйелі талдау тәсілдері қолданылған.

Нәтижелерді талқылау

Сонымен қатар мақалада Кеңестік Қазақстандағы «Ақ жол» басылымындағы, Алматыдағы Ұлттық кітапхананың сирек қорынан алынған баспасөз материалдарындағы тың деректерді айналымға енгізу арқылы жаңа мұрағаттық құжаттарды игерудің маңызы ерекше екенін қаперге салынып, есімі ел жадынан шыға бастаған жергілікті қайраткерлердің рухани бай мұрасын зерделеп, жинақтауда аталмыш кезеңдегі мерзімді БАҚ материалдарына сүйенуге болатындығын дәйектеп көрсетіледі.

Зерттеу жұмысының нәтижелері:

Ұлт тарихындағы тұлғалардың Кеңестік Қазақстан кезеңіндегі ғибратты ғұмыры мен шығармашылығы қасірет пен қайшылыққа толы. Тәуелсіздік тұсында төл тарихымыздың белгісіз беттерін тануға біршама талпыныс жасалғанымен, коммунистік жүйедегі жаппай қуғын-сүргін ақиқаты толық айтылған жоқ. Шындығына келгенде саяси репрессия құрбандарын жаппай ақтау жөніндегі мемлекеттік комиссия бұл бағытта бүгінде көптеген игі бастамаларды жүзеге асырып, ауқымды жұмыстарды атқаруды қолға алды. Ұлтқа тұтқа болған тұғырлы тұлғаларымыз турасында елеулі еңбектер де жазылды. Алайда, аймақ көлемінде аты шыққан тұлғалар қалтарыста қалып барады. Демек Оңтүстіктегі қуғын-сүргінге де оң баға беретін кез келген сияқты. Оңтүстік Қазақстан облысында 2 мың 111 адам атылып, 25 мыңдай кісі сотталған. Жазаланғандардың ішінде 400-ге жуық әйел бар.

Сол жылдары атылу мен сотталу жазасына кесілгендерге үкімді «үштік комитеттер» шығарып отырған. Негізі, партиялық бақылаудың қатаң тәртібін іске асыруды және ОГПУ мен милиция бөлімдерінің ерекше тапсырмаларын орындайтын «үштік комитеттер» елімізде 1930 жылдардың басында пайда болған. «Үштік комитет» жергілікті жерлерде облыс басшысы, облыс прокуроры, облыстық милиция бастығы сияқты үш адамнан құралған. Аудандарда да осы тәртіппен түзілген. «Үштік комитет» КСРО шеңберінде 1937 жылғы жаппай қуғын-сүргін науқанынан бұрын да сан мыңдаған адамдарды жазаға тартқан. Отызыншы жылдары Қазақстанда «Астық үштігі», «Шаруашылық үштігі» деген ұйымдар да жұмыс жасаған. Кей жерлерде бес адамнан тұратын «астық бестігі» деген бақылаушы топтар да болған. Олар мемлекетке өткізілетін астықтың талан-таражға түспеуін, шаруашылық жұмыстарының советтік тәртіпке сай жүруін қадағалаған. Төменгі сатыдағы мұндай «үштік комитеттердің» мүшелері көбіне кедей таптан шыққан шала сауатты адамдардан іріктелген. Олар кейде бақылаудың жөні осы екен деп есептен сәл жаңылысқандарды, аз-кем шалыс басқандарды «тап жауы» ретінде қаралап, соттатып, итжеккенге айдатып отырған.

1937 жылы «үштік комитеттердің» рөлі қатты күшейіп, бұрынғыдай «тап жауларын» емес, тек «халық жауларын» анықтайтын, сонымен бірге оларға жаза кесетін ұйымға айналады. Бір жылдың ішінде «үштік комитеттердің» шешімімен миллиондаған адамдар жапа шекті. 1930-1938 жылдар аралығында бір ғана Келес ауданының көлемінде әртүрлі деңгейдегі 11 «үштік комитет» жұмыс істеген.

Осы жерде бір айта кететін жәйт бар: репрессия тарихын және оның шығу себептерін білмейтін біреулер 1937-1938 жылдардағы қуғын-сүргін кезеңінде қазақтар бір-бірін сатқандықтан, Алаш баласы көп қырылды деп бөседі. Бұл жерде халық бір-бірін көрсеткен жоқ. Халық ішінен «халық жауларын» басшылар, ішкі істер қызметкерлері, солардың тыңшылары, сондай-ақ ауыл белсенділері анықтаған.

Оңтүстік Қазақстан облысынан атылу міндетті 2 мыңнан аса адамның 200-ге жуығы, 25 мыңнан аса сотталуы шарт адамдардың 1 мыңдайы Келес жеріне тиесілі болған. Бұл қатаң бұйрық! Оны

аудан басшыларына, ішкі істер қызметкерлеріне, белсенділерге орындамау мүмкін болмаған. Алдында талай адамды соттатқан басшылар мен белсенділердің көбісі кейін өздері ұсталып, сотталған, атылған.

Заманның, уақыттың өзгеруіне байланысты құндылықтар да ауысады. Десек те, осы зобалаң жылдарда жазықсыз жазаланған Шымкенттік ағартушылардың өнегелі өмірі мен рухани мұрасы әлі де болса жете зерттелген емес. Сондықтан да бұл мәселеге байыппен қарап, ұлт болашағы жолында опат болған біртуарларымыз қалдырған рухани мұраны ұрпақ қазынасына айналдыруымыз қажет-ақ.

Түркістан өңірінің ағарту саласының алға басуына сүбелі үлес қосқан тағдыры тауқыметке толы қаламы қарымды қаламгердің бірі Иса Тоқтыбаев еді. 1894 жылы 15 ақпанда қазіргі Қызылорда облысы, Тереңөзек ауданындағы Қараөзек ауылында туған Тоқтыбаев Ташкент совдепінің хатшысы болған тұста Ағарту институты ашылуына септігін тигізді. 1922 жылы «Шолпан» журналына редактор бола жүріп жазған «Орта Азия бірлігі» мақаласында ол ұлт мәселесінің бәрінен де маңызды екенін қаперге салса, 1923-1925 жылдар аралығында «Ақ жол» газетінің шығарушы редакторы қызметінде жүріп те «Балықшы», «Қайдамшыл» деген бүркеншік аттармен жергілікті биліктің жосықсыз әрекеттерін батыл сынады. Мәселен, «Тұңғыш қаулы» мақаласында ол қауқарсыз қаулының орындалмай қағаз бетінде ғана қалғанына қынжылып: «...Бірақ не пайда? Қазақстан кіндік атқару комитетінің қаулысы көздеген жерден тимей айдалаға атылған бір оқ болды. Өйткені қаулы шыққалы бір жылға жақын болса да, әлі іске асып, тіршілікте жүргізілген жоқ.

Ол қаулының осы уақытқа шейін не себепті кешеуілдеп, орындамай жатқанын, кімнің қалтасында жүріп, қандай орынға жұмсалып кеткенін тексеріп, орындамағанына күйініп, қайғырып отырған Қазақстанда хүкімет тағы жоқ.

...Түркістан сияқты көршілес республикаларда жер-су мәселесі туралы көп сөйленіп, газеттерде көбірек жазылып, екпінді мәселе саналып жүрген соң Қазақстан кіндік атқару комитеті де бұл туралы бір қаулы шығаруды өзіне борыш санап, түсінбей ағымға ергені болып шығады[1]», - дейді. Аты Алашқа мәлім ағартушының бұл баынасынан-ақ оның биліктің бишігін ұстаған шала сауаттыларды қолдауға бейіл еместігін, ұрандатқан даусы ұлтқа жетпеген, аттандаған үні ауылға тарампаған, тындырымды бір тірлігі жоқ тоңмойын басшыларға деген ашу-ызасын ірікпей ақтарып салғандығын анық аңғарасыз. Яғни, біртуар баспагер осындай өткір ойларымен-ақ қазақ қамын кабинетінде шешуді әдеттенген, ел ішіндегі жағдайдан бейхабар біліксіздердің билік құруы ұлтты ұшпаққа жеткізу былай тұрсын, құрдымға құлататынын да қапысыз аңдап, орынды сын айтады, елеулі ескертпе жасайды.

Ал Иса Тоқтыбаев көсемсөздерінің дені оқу-ағарту мәселесіне арналған екен. Мектеп ісінің мейлінше алға басуына мүдделілік танытқан Тоқтыбаев «Жағырафия сөзі» оқулығын жазып шығып, «Түркістан» жинағын да жарыққа шығарды. Одан бөлек «Ақ жолдағы» «Оқу-оқыту ісі әлі жөнделген жоқ» атты айтулы еңбегінде:

«...Кеңес хүкіметі құрылғалы бес жыл болып, содан бері қарай қазақтың ісі әлі алға баспай келе жатса, Кеңес хүкіметінің жолы, негізі біздің қазақ-қырғыздың тіршілігіне ұйқаспағаны ма, яки болмаса басқанікі болғаны ма? Жоқ!

Қай жұрттың болса да өз көшін өзі бастап, өз жөнін өзі жөндеп жүруі, бақытының тасуы, ана тілінде білім алып, өнер үйренуіменен байланысқандығы туралы тіпті талас жоқ»[2],-оқыту ісіндегі олқылықтарды да тізбелеп көрсетіп, әдебиетті дамытуға деген оң ниеттің байқалмай отырғанын байыппен жеткізеді.

Сондай-ақ «Оқу жұмыстары жұртшылықтан туып, жұртшылыққа құрал болуы тиіс» деген тағы бір маңызы бөлек мақаласында қаламгер Иса Тоқтыбаев: «...Алдымыздағы осы февральдің 15-де оқу жетісі басталмақ. Сол жетінің ішінде Түркістан мемлекетінде халық ағарту жұмысы қолға алынып нәм оның мұнан бұлай алаңсыз-уайымсыз ілгері басып кетуіне жол салсақ, бұл жеті хүкімет кеңселерінің, әлеумет ұйымдарының және жалпы жұрттың да назарын оқу жұмысына салып, халық ағарту майданына күш аударуға бас болмақ»[3],-деп бос мақтануға салынбай, саланың тамырына қан жүгіртуді әріден ойлаған қаламгер ел алдында мектептерге жәрдем жию, мектеп ашып, оның жол-жобасын дайындап, ісін ілгерлету секілді меже-міндеттердің тұрғанын тұспалдап жеткізеді. Тіпті оның «Мектептің негізі – бастауыш мектеп. Ол ана тілінде оқытылуы керек нәм тәрбие жолының түрлі әдістері ана тілінде түсінікті түрде іске асырылуы керек» деген орнықты пікірі әлі күнге дейін өзекті болып отыр десек, бұрыс айтпағандық болар. Осы мақаланы оқи отырып, көсемсөзшінің өзіне ғана тән дара қолтанбасын, қайталанбас қалам тербесін, қылыштай өткір ойларын, түстеп танығандай болдық. Соның ішінде «...мектеп деп жүргеніміз басқаларға еліктеп,

бізде де бар деп көңіл жұбатуға ашылған құр орындар», «қырғыз-қазақ арасына мектеп мәдениеті, кітап мәдениеті әлі орнаған жоқ. Орнаған жерлерде (әсіресе Сырдария облысында) қырғыз-қазақтың ұлттық бет-аузы жоқ», «...жат тіл жолдан қалдырмақ» т.б. секілді түйдек-түйдек тосын тіркестерін түртіп алып, тілі жатық, түйреуге келгенде ешкімнен кем соқпайтын Исаның көкейге түйгені мен көңілге тоқығаны көп оқығандардан да озық екендігін мойындағандай болдық. Жалпы қазақ әдебиетінде өзіндік орны, ерекше сүлеуі бар жазушы һәм қайраткер Иса 1927 жылдың бедерінде Семейдегі «Қазақ тілі» газетін басқарып жүріп те оңтүстікпен рухани байланысын үзбеді деуге толық негіз бар. Былайша айтқанда, кезінде «Сәуле», «Сана», «Шаншар» т.б. басылымдарды басқарып, 1933 жылы Ленинградта жазықсыз жалаға ұшырап, 10 жылға сотталып, Карлагтан 1936 жылы әрең аман оралған қаламгердің өмірі сын-сынаққа толы болды.

Расында да кезінде саяси қуғын-сүргін, елімізде жүргізілген жаппай репрессия туралы жазу тұрмақ, айтудың өзі мұң болмап па еді? Сондықтан бұл тыйым салынған тақырыпты зерттеуге тәуекел еткендер де саусақпен санарлық-ақ болатын. Анығы сол, 1937-38-дің «қанды қырғынында» Иса Тоқтыбаев қайта қамауға алынып, «Джайлас» атты жасырын іс қозғалып, қиырдағы Печераға жазасын өтеуге жіберіліп, азап пен тозақтың бәрін бастан кешкен журналист 1947 жылы ғана атамекеніне қайта оралады. 1949 жылы саяси сенімсіз адам ретінде өз отанында тұруға рұқсат берілмей, Красноярскіге жер аударылған атпал азамат 1966 жылы дүниеден өтіпті. Түйіндей айтқанда, белгілі қоғам қайраткері, қазақ журналистикасының қазанаты, туған әдебиетке де талай тұшымды дүние сыйлаған Иса Тоқтыбаевтың әдеби мұрасын індете зерттеп, ұрпақ кәдесіне жарататын, ұлт мұрасына айналдыратын сәт туды беп білеміз.

Кеңестік биліктің кертартпа саясатынан Әшірбек Үсенов те зардап шекті. 1907 жылы Оңтүстік Қазақстан облысы, Шымкент қаласына қарасты Қатын көпір елді мекенінде туылған Әшірбек Үсенов 1925-1929 жылдар аралығында Сырдария округтік Қазақ педагогикалық техникумында білім алса, 1929-1932 жылдарда Алматыдағы Қазақ педагогикалық институтының тіл-әдебиет бөлімінде оқиды.

1936 жылы КСРО Жазушылар Одағына мүшелікке қабылданған Әшірбек негізінен саналы ғұмырын бала тәрбиесіне арнап, түрлі мектептерде мұғалімдік қызмет атқарған жан. Үлкендер мектебіне арналған «Әліппе» оқулығын да сол репрессия қыза бастаған тұста Қазақтың мемлекет баспасынан 1937 жылы жарыққа шығарған қаламгердің бұл еңбегіне сұраныс та мол болып, ол оқулық қайта-қайта баспа бетін көріпті [4]. Одан бөлек

9-класқа арналған «Әдебиет хрестоматиясын» құрастырып шығып, «Ойлы бала», «Елеулі ақын» секілді шығармалар қалдырған әрі ақын, әрі журналист, әрі мұғалім Әшірбек Үсеновтің өз заманында «Ауыл мұғалімі» журналында шыққан «Көркем әдебиет сабағының түрлері», «Көркем әдебиет сабағына даярлық», «Мазмұндама жаздыру» т.б. секілді педагогтар үшін маңызы бөлек мақалалары да біздіңше тереңірек талданып, тиісінше зерделенуі қажет-ақ.

Айталық «Елеулі ақын» атты елеулі еңбегінде ол: «...Тарих – өткен өмірдің аяғы, оның даңғыл жолы. Тарих – заманның не-не елеулісін айтқанда, ауыздың суы құритын, аса таңдаулы қымбаттысын өшірмей сақтайтын қоймасы. Бірақ бұл қоймадан кім болса сол орын ала алмайды. Тек халықтың жүрегінен орын алған өз заманының ері, көпшілікке ой салған бұлбұлы, өткір тілді шешені ғана орын ала алады, олардың еңбегі мәңгі жасайды, тарихтың бетіндегі өшпейтін өрнегі болады.

Махамбет – сондай топты аузына қаратқан ақынның әрі өз заманына лайық үздік шыққан батырдың, ең елеулі ерінің бірі, өз тұсындағылардың қозғалысын ұйымдастырған от-жалынды Исатай Таймановтың қанды көйлек жолдасы, тар кезеңде де жол тауып бере білген ақылшысы, көпті қоздырып, айналасына үйіре алған асқан ұйытқышы, бір сөзбен айтқанда, Исатайдың өзімен тең де түсіп қалып отыратын, әрі жүректі, әрі уытты сөзді оң қолы.

Махамбеттің дәуірі қабаттасқан қайшылықтардың күшейіп тұрған кезі еді. Ұсталған мақсат, оған жету жолындағы жасаған күрес Махамбеттің шығармашылығына әсер етті, үлкен із қалдырды. Махамбет – өз тұсындағы ақындардың алды, ең дарынды, таланттысы. Махамбеттің өлеңі уытты. Тыңдаған, оқыған адамды жұлып алып кететін, қанды тасытып, сезімді оятып, қиялға шауып, шарықтатып, қоздырып ертіп отыратын қыздырма өлең. Өлеңінің әрбір сөзі тайдың тасындай атылып жатқан салмақты, мәнді. Махамбеттің қысқа, бас-аяғы тұжырымды, жалынды өлеңіне қабыса қалатын көркем сөз- поэзия тілі. Махамбеттің басты ең сүбелі өлеңдері көтеріліске, ұрысқа, халықты басқарған Исатайға арналған, халықты қайрап, ұрысқа шақырарда айтылған өлең болғандықтан, ылғи жалынды, терең, мағыналы, жігерлі болып келеді.

Махамбеттің бірқатар өлеңі болса да, солардың ішіндегі ең күшті, ең елеулілері қозғалысқа арналған, сол кезде шыққан өлеңдер. Сондықтан, әр өлеңнің өз алдына жеке темасы болғанымен,

өлең оқиғасына қарағанда тұтас жатқан бір темаға, бүтін қозғалысқа ғана арналған, желісі үзілмей тұтасып жатқан бір-ақ өлең болып келеді» [5],- деп өз бағасын береді де, «Махамбет ақынның шығармалары туған уақытына, алған оқиғасына қабыса қалатын, сол уақыттың күйін жақсы көрсетіп, айна бола алатын екпіні мол, әрі жалынды, қысқа-қысқа бір кесек боп жатқан, тарих бетінен жоғалмайтын өлеңдер. Қимылы, толқыны күшті, атылып жатқан дарынды сөзді өлең. Тілі де өткір, әрі көркем.

Махамбет шығармаларының идеясын Махамбеттің таптық мақсатынан айырып алып қарауға, басқа жақтан іздеуге болмайды. Махамбет ханға, патшаға қарсы күресті, патшаға бағынған ханды жойып, патшаға бағынбайтын, ауыз жаласпайтын хан ұстағысы келеді. Махамбеттің шығарма идеясы осы күреске, мақсатқа ұштасты.

Махамбет – елеулі ақын. Махамбеттің орны үлкен. Ханға, патшаға қарсы қозғалыстың суретін көркем сөзбен айтып бере білген, өлмейтін із қалдырған әдебиет мұрасын оқып, сын көзімен жарамдысын пайдаға асыруымыз керек» [6] деген байламға тоқтайды.

Ең қасіреттісі де сол, қаламы енді қатайып келе жатқан шымкенттік қаламгер, ақын Әшірбек Үсеновке 1938 жылы «халық жауы» деген жаламен ату жазасына кесу туралы үкім шығарылыпты.

Осылайша келімсектер құрған коммунистік билік Кеңестер Одағын қасірет мекеніне айналдырды. Демек, біз бүгінгі бостандық бесігінде Мемлекет басшысы Қ. Тоқаев айтқандай, асылдарымызды ақтауға, олардың әдеи мұрасын ғылыми айналымға түсіруге асығуымыз керек.

Ұлт тарихы – ұрпақ қазынасы. Азаттықтың ақ таңы атқалы бері де төл тарихымыздың «ақтаңдақ» беттерін қайта ақтарып келеміз. Кеңестік әміршіл-әкімшіл биліктің халыққа қандай қасірет әкелгені де бүгінде ашық айтылуда.

Бір кездері бұлдыр тұман ішінде қалған бостан жұртының болашағын ойлаған Алаштың ардағы Дулатұлы Міржақып: «Өзінің тарихын жоғалтқан жұрт, өзінің тарихын ұмытқан ел – не істеп, не қойғандығын білмейді, келешекте басына қандай күн туашығына көзі жетпейді.

Бір халық өзінің тарихын білмесе, бір ел өзінің тарихын жоғалтса, оның артынша өзі де жоғалуға ыңайлы болып тұрады» деп, ұлттық рухынан ажыраған, тарихи санасын жоғалтуға жақын тұрған жұртының келешегіне алаңдап, ел сөзін естіге де, есерге де естірте айтқан екен. Тәуелсіздік дәуірінде халықтың қасіретті тарихын қайта жазуға талпынып жатырмыз. Осындай ұлт тарихына деген жанашырлықтың, мемлекетіміз құптаған оң бастамалардың нәтижесінде тасада қалған талай тұлғалар ақталып, елеусіз қалған ел азаматтарының есімі қайта жаңғыруда.

Кейбір дерек көздеріне сүйенсек, елімізде саяси репрессияға ұшырағандар 103 мыңнан асып жығылып, 25 мыңдай арысымыз атылған екен. Алайда бұл көрсеткішті де нақты соңғы цифр деп айта алмаймыз. Анығы сол, тағдыры тар қапаста бір түйір оққа байланып, осы күнге дейін бейіті де белгісіз болып келе жатқан жандар қаншама. Бұл замана зауалынан тұлаларымызды былай қойғанда, қарапайым қазақ баласының, ауылдың аңғал жұртының да шет қалмағаны шындық. Мұны мұрағат құжаттары айғақтап та отыр.

«Халық жауы» деген жаламен қуғын көрген тағы бір қарымды қаламгер Жүсіпбек Арыстанов еді. 1904 жылы Қызылорда облысының Теренөзек ауданы Қараөзек темір жол стансасы маңында туған журналист сол бір қиын-қыстау заманда, нақтылай түссек, 1918-1920 жылдары Қызылорда мен Ташкенттегі балалар үйінде тәлім алып, 1925 жылы Мәскеудегі Шығыс еңбекшілерінің коммунистік университетін тәмамдайды. «Ақ жол» газетінде де бірқатар мақалалары басылған жазушы кезінде осы басылымның шығарушы редакторының орынбасары, Алматыдағы губерниялық кеңес-партия мектебінің директоры, Ташкенттегі Орта Азия коммунистік университетінің оқытушысы, 1929 жылы Алматыдағы педтехникум директоры, Қазақ мемлекеттік университетінде ғылыми қызметкер, саяси репрессия белең алған тұста «Социалды Қазақстан» газетінде жауапты редактор болып, түрлі қызметтің тізгінін ұстайды. Өзге де Алаш зиялылары секілді жазықсыз жаза арқалап, 17 жылдан кейін Отанына оралады. Тәуелсіздікті де көріп, 1993 жылы пәниден бақиға аттанған, көптеген кітаптары баспа бетін көрген жазушының «Ақ жолдағы» журналистік қызметі де ерекше атап өтуге тұрарлық-ақ. Мәселен, «Баспасөз бен тілші» атты сериялы көлемді еңбегінде ол баспасөздің бұқараның мұңын жеткізетін басты тетікке айналып, төртінші билік ретінде төрден орын алуы үшін ең алдыме тілшіні түзеу керектігін баса айтады да: «...Баспасөз, газет қай уақытта болса да тілшісіз жасап, өмір сүруі мүмкін емес.

Газеттің жаны – күнделікті жаңалық, жақсылы-жаман уақиға, мұны сөйлейтін тіл. Сезетін сезім. Бұл тілші болмақ.

Әсіресе біздің қазақ тұрмысында ауыл тілшілері үлкен тарихи орын алады.

Қазіргі кездегі партияның ұраны – ауылға бетті бұру, ауылдың зарын, ауыл кедейлерінің жоғын жоқтау. Соларды демеп, шаруаларын көтеру»[7],- дейді. Ал осы мақаланың жалғасы іспетті келесі

бір көлемді дүниесінде қаламгер: «...Неғұрлым газеттің оқушылары көп болып, газет көп таралса, ел қойнына көп енсе, солғұрлым ел ішіндегі жақсылық-жамандық мәлімденбек.

Елдің тұрмысы түзу суреттеліп, керекті шара тез көрінбек. Бұл үшін тиімді маусымдарды аңдып, жақсы пайдалана білу керек. Жұрт жиналған жиында газеттің мәні-жайын, нысана-мақсаттарын жақсы ұғындыру керек. Жұрт жақсы түсінгенде ғана газет алушылардың саны көбеймек.

Неғұрлым оқушылардың қолына уақытымен жылдам тиіп тұрса, солғұрлым жұрт сенімді болып, көңілді қарамақ. Осы негізгі сырды тілшілердің қатты ескеретін жөні бар. Міне, сондықтан тілшілер орындардағы үкімет мекемелерінің почта бөлімдеріне көзқұлақ болып қадағалап тұрулары тиіс.

Газетті алған күні тиісті адамға тапсыру шарт болсын. Сонда ғана газетке жазылып алдырушылар да көбеймек. Бұл жолда тілшілер іске білек түріп шын кіріссін»[8], -деп баспасөзге қатысты шындықты да шымбайға батыра айта келе тілші турасындағы толғамын былайша қорытыпты: «...Ескеретін нәрсе – мақаланы жазу тәртібін жөндеу. Елден көп мақалалар келеді, қара қарындашпен, құмырысқаның ізіндей шимайлап, қағаздың ол беті мен бұл бетін де қалдырмай жазады. Қап-қара, адам танымастай, түсі жаман, кісі көңілсіз қарайтын мақаланы алып қарасақ, шынымен әжептәуір сөздер шығады. Сондықтан, мақала жазу тәртібін білу керек.

Әрбір жазылған мақаланың артына жазған азаматтың аты-жөні, толық тұрағы болуы керек. мақаланы өтірік атпен (псевдоним) жазса, мұның астынан бір сызық сызып, шын аты-жөнін (өз аты, әкесінің атын) жазуы тиіс.

Сонысын бір керекті нәрсе – бұл мақаланың жазылған күні нешінші жұлдыз, нешінші жыл екенін көрсету. Бұлсыз мақаланың ескі, жаңа екенін біліп болмайды. Сондықтан, бұл нәрсе керектің біреуі болады.

Тілшілер әрбір жазған мақаласынан өздеріне нұсқа қалдырулары керек. Бұл нәрсе тілшілердің қатесін түзетіп, қаламын қайраттандыру үшін керекті. Өзі жазғанда қандай еді? Басылып шыққанда қандай болды? Міне, осыларды салыстырып тілшілер өз кемдіктерін өздері түзеп отырулары керек»[9].

Демек «Міне, сол уақытта ғана бұл тілшіден келешек күтуге болады. Бәйгені мақаланың үлкен-кішілігіне тікпейміз. Бәйгені мақаланың дәмді-дәмсіздігіне, жақсы-жамандығына тігеміз. Саннан сапалысы жақсы.

Тілшілердің жазған мақалалары біртүрлі ыстық, қызықты болулары ұнамды. Жұрт неғұрлым қызық, қисынды, жақсы жазылған болса, солғұрлым қызығып оқымақ. Сол үшін жаза салып, конвертке атып жібермей, екі-үш мәрте қайта-қайта жазғанын оқып, жете тексеріп, ойлап көруі керек.

Кей уақытта ғана сөздің ішіндегі артық-кемі анық білінсе, сол уақытта ғана тілшілер өздерінің қателерін жөндеп, шын жас қаламгерлер болмақ.

Қысқа әңгіменің қортындысында айтатын сөз – тілшілер кедей елінің көз-құлағы, газеттің таянышы. Сондықтан, тілшілер жатпай-тұрмай мойындарындағы ұлы міндеттерін өнегелі түрде орындасын»[10], - деп дара дарынның да айтқалы тұрғаны осы ғой.

Одан бөлек «Кеңес сайлауына даярлану керек» атты мақаласындада өзекті мәселені бүгешігесіне дейін талдап-таразылап берсе, «Октябрь және баспасөз» деген жарияланымында 1923 жылы барлық Кеңестер Одағында 517 газет шықса, соңғы екі жыда олардың саны 595-ке жеткенін, Қазақстанның өзінде газет, журнал шығармайтын губерниясы жоқ екендігін мақтанышпен жеткізген жазушы өзі басқаратын губерниялық газет «Ақ жолдың» 250 тілшісі барлығын да көңіл тоғайта отырып атап көрсетеді [11]. Былайша айтқанда, жас тілшілерге шама-шарқынша бағыт-бағдар беріп, сан басылымды басқарып, қазақ көсемсөзінде өз қолтаңбасын қалдырған жұрт жете тани бермейтін Жүсіпбек Арыстановтың публицистикасы да өз зерттеушілерін күтіп отыр десек, ақиқаттан алшақ кетпейтін шығармыз.

Осы тұста «Ақ жолда» біраз дүниесі басылған Саураннан шыққан ұстаз Әбубәкір Сандыбаев шығармашылығы жайлы да аз-кем айта кетейік. 1887 жылы дүниеге келген Сандыбаев 1907-1908 жылдары Жүлік болысының 8-ауылындағы мектепте қара танып, 1919-1925 жылдар аралығында Сауран Советінде ұстаздық қызмет атқарады. Мұғалімдікпен қатар қолынан қаламын да тастамаған жас тілші «Ақ жол» газетіне қабылданып, ұдайы мақала жазып тұрады. Ал 1930 жылдардың бедерінде ауданда басшылық қызмет атқарып, басы бөлеге қаларын білсе де, созақтық «бандылармен» байланысып, елді ымыраға келтіріп, тыныштыққа үндеген, әлін білмей бас көтергендерді сабырға шақыра алмай әлектенген Әбубәкір Сандыбаев та осал адам емес. Дегенмен 1937 жылғы зобалаңда көппен бірге зорлық көрген қаламгер НКВД-ның «халық жауы» деген жаласымен сотты болып, саяси тұтқындар лагеріне жөнелтіледі. Осы тұстан мұғалімнің аталмыш газеттегі жазбаларына да тоқтала кетер болсақ, «Сауран мектебі» деген мақаласында ол ауылдық

жердегі оқу ісіндегі олқылықтар мен кемшіліктерді боямасыз жеткізіп, батыл сын айтса, одан бөлек «Шаруаға жайсыз іс», «Көрген-білген бар ма?», «Түркістан үйезі» т.б. секілді дүниелері де көлемі шағын демесеңіз, көп көкейіндегіні дөп басқан мақалалар деп білеміз. Анығы сол, сол кезеңде ауыл-аймақтан «Ақ жолға» хабар жолдап тұрған меншікті тілшілердің туындылары түгелдей зерттелген жоқ деп нық сеніммен айта аламыз. Ендеше бұл міндетті мінсіз атқару да жас ізденушілердің еншісіндегі іс.

Тарихымыз тым тереңде әрі тасқа қашап жазылған деп айтып келе жатқан елміз. Ендеше арғы ғасырларға бармастан, кешегі кеңестік кезеңдегі ел тарихын ақтарып, көз жүгіртсеңіз, кеңестік биліктің керенау саясатының салдарынан біздің қаншама арыстарымыз арманына жете алмай, опат болып, қаншама боздақтарымыз қыршынынан қиылды. «Халық жауы» деген желеумен саяси қуғын-сүргінге ұшырап, алды атылды, асылды. Соңы ұзақ жылдар бойы темір торда қамалып, айдауда жүріп, адам төзбес азапты көріп, сүйектері шіріді. Бүгінгі Тәуелсіздіктің таңы атқан шақта ұлт үшін басын бәйгеге тіккен асылдарымызды ұлықтайтын мезгіл жеткені анық. Міне, сондай егей тұлғаларымыздың бірі, ағарту саласына аянбай үлес қосқан, адуынды ақын, қарымды қаламгер Тәңірберген Отарбаев еді.

1893 жылы Шымкент қаласының Қатынкөпір елді мекенінде дүниеге келген ағартушының әкесі Отарбай кедей кісі болған. Кенжеқожаның медресесінде сауат ашқан қаламгер бар биікке өз күшімен жетті. Архив қорында жатқан, өз қолымен жазылған өмірбаянында ол: «... Тұрмыстың тапшылығынан ауыл мектебін әрең тәмамдап, 1905-1910 жылдары Шымкенттегі медреседе тәлім алғанмын. Ағартушылыққа 1910 жылдан бастап басыбүтін бет бұрып, 1917 жылға дейін Шымкент маңайында мұғалім болдым да, 1917-1920 жылдар арасында осы аймақта жаңа мектептердің ашылуына атсалысып, білім саласында қызмет еттім.

Ал 1920 жылы партия қатарына енген соң, Сырдария губерниясына қарасты Қазпедтехникумда қазақ тілі пәнінің мұғалімі, 1923-1925 жылдары Шымкентте мектеп меңгерушісі, Қожанов атындағы балалар үйінің директоры лауазымында болсам, 1923-1928 жылдарда Шымкент қаласында ашылған Ахмет атындағы тұңғыш жеті жылдық қазақ мектебінде (қазіргі Қ.Сыпатаев атындағы №7 техникалық лицей-мектебі) қазақ тілі мен әдебиетінен балаларға сабақ бердім. 1930 жылы Ташкенттегі Орта Азия мемлекеттік университетінің (САГУ) педагогика факультетін бітіріп, жоғары оқу орнында да ұстаздық еттім. Денсаулығым жарамай бұл жұмыстан қол үзгесін 1933 жылы Шымкентке қайттым да, 1934 жылы Сарыағаштағы Қапланбек зоотехникалық мал дәрігерлік техникумына ұстаз болып ауыстым» [12]», -дейді.

Саяси қуғын-сүргіннің қанды құрығы Отарбаевты да омақастырды. 1938 жылы Орта Азия ауыл шаруашылығы рабфагында ұстаздық етіп жүрген шағында мамыражай мамырдың 12-сі күні Отарбаев отбасына суыт жүрісті екі кісі келеді де, «Отарбаевтың үйде ме?» деп тіл қатады. Жары Мариям өз шаруаларымен жүрген жандар болар деп, «үйде жоқ еді, сыртқа шығып кетті» деп келте қайырады. Іздеп келгендердің кім екендігін көрейін деп, олардың артынан ойында ештеңе жоқ Отарбаевтың өзі шығады. Сөйтсе, қолдында қамауға алу туралы қағазы бар әлгі екеуі Тәңірбергенді тұтқындауға келгендер екен. Тәңірбергеннің басына осылай қара бұлт үйіріліп, қамауға кете барады. Жары Мариямға айтқан жалғыз ауыз сөзі: «Мыналар мені әкетуге келген екен, бірақ менің арым таза. Сендер ептеп Шымкент жаққа көшіп алыңдар. Әйтпесе, бұлар сендерге тыныштық бермейді» дегені болыпты. Үйінде зар жылап 16 жасар бойжеткен қызы Жақұт, 6 жастағы ойын баласы Қайрат және дүниенің ойранынан бейхабар бесіктегі бір айлық сәби Ұлжанды тербетіп Мариям ана қалыпты.

Осы күнде Тәңірбергеннің кіндігінен тараған Жақұт пен Қайрат екеуі де арғы дүниеге аттанып, сексеннің сеңгіріне шыққан Ұлжан апа ғана Алматы қаласында тұрып жатыр. Әкесінің жүзін де көрмеген Ұлжан қызы осы күнге дейін Тәңірберген деп аты шықса болды елегізіп тұрады екен. Тектінің тұяғы Ұлжан апамен етене араласып, әкесі жайлы әңгіме сұрағанда, жанары жасқа шыланып отырып, өткен күндер тарихын тізбелеп берді.

«Әкемді көру мен үшін үлкен арман болды, көшеде әкесіне еркелеп бара жатқан балаларды көргенде көңілім қатты қобалжитын. «Шіркін-ай, менің де әкем қасымда болса ғой!» деп, құдайға жалбарынатынмын. Әкемнен қалған естеліктерден жинаған азды-көпті кітаптары, біде-екілі суреттерінен өзге ештеңе жоқ. Сол суретіне қарап, қиялымдағы жасап алған әкемді көз алдыма елестететінмін бала күнімде. Әкем жайлы кішкене әңгіменің ұшы шықса, қозғалмай тұрып тыңдайтынмын. Өмір осылай сағынышпен өтіп жатты.

1970 жылы 8 қыркүйекте «Оңтүстік Қазақстан» газетінде Жәнәбіл Ырсыметовтің «Ақын, ағартушы» атты мақаласын Шымкент қаласында тұратын Жақұт әпкем почтадан хатпен салып жіберді.

Соны оқып, әкемнің аңыз емес, өмірде шын сүрген адам екенін білгендей болдым. Тіпті, батыр Бауыржан Момышұлына ұстаз болғанын естігенде төбем көке жеткендей қуандым. Сөйтіп, «Бауыржан ағаға сәлем беріп барайық» деп жолдасым Әбуғалиға айттым. Жолдасым жүрексінді, «ол кісі дөрекі, боқтайды ғой» деді. Уақыт зырлап өтіп, арада 3-4 жылдан кейін Бауыржан ағаның үйіне өзім бардым. Жәмила жеңешемді танитынмын, үйінің мекен-жайын да білетінмін. Есікті жеңешем ашып, амандасты да, «Бәуке, ұстазыңыз Тәңірберген Отарбаевтың қызы келді» деп дауыстады. Алдымнан көзінен от шашқан, түсі сұсты, мұрты тікірейген Батыр ағам шықты. Маған тесіле қарап тұрды да, қолымды алып амандасты. «Ұстазымның қызы деп маңдайымнан сүйер» деген ойлап едім. Ол кісі олай етпеді.

Сөйтіп, орнығып отырған соң, «Тәңірберген Отарбаевтың қызы едім» дегенді зорға айттым, дауысым тарғылдана шығып. «Қой, өтірік айтпа! Менің ұстазым Тәңірберген Отарбаев ұзын бойлы, сұлу жүзді, ақын кісі болатын, сенің бойың қортық қой» дегенін естігенде, не дерімді білмей, сілейіп отырдым да қалдым. Десе де, «ұстазым Тәңірберген Отарбаев» деген сөзді ол кісінің аузынан естігеніме бір жағынан ішім жылығандай болды. Сонан кейін Бауыржан ағам әкем жайлы ұзын-сонар әңгіме бастады. Мен аузым ашылып тыңдап отырмын. Кейін Бауке әкемнің атын қазаққа танытуға көп көмек етті»[13]», - дейді тектінің тұяғы. Айтпақшы Тәңірбергеннің туысы, біз жоғарыда атап өткен Ахмет атындағы мектептің алғашқы директоры Мұса Мылтықбаев та осал кісі болмаған. Мұрағат қорынан табылған бір құжатта мұғалім Мұса былай депті: «Қарашығым Ілияс!

Қысымды аман-саулықпен өткізіп, балаларымызды тарқатып, Дарул мұғалімін қайткенде келер жылы алып барамын деудің қамында қолымда қамшы, үстімде жау киім, көңілді қиял-оймен сілкілеп жүрмін.

Күні ертең (25.V) Шілікке Нәсімнің ата-анасына барғалы жатырмыз. Бір жағынан көріп көрісу болса, екінші жақтан мектепке жәрдем жинау, тілді безеп мектепке пайда келтіру.

Биыл Дарул мұғалімінен босансам Шымкентке бармақ едім. Не пайда, босана алатын түрім жоқ. Ондағы мақсатым сенімен сөйлесіп, мауқымды басу болса, екінші мақсатым сенде қалған бұйымдарымды алып қайту еді. Ташкеннен мұғалім, кітаптар алып қайту еді. Ақырында бара алмайтын болдым. Край сиезіне баруға ойым бар еді. Бірақ сол кезде Нәсімнің босанатын шағы тура келіп қалғандықтан, тағы қойдым.

Ендігі сөз мені мұқтаждықпен зарықтырмайтын болсаң, Шымкенттегі қалған нәрселерімді жазып, спискалап, беріп жібере көр. Самауыр қала көрмесін, айнама!

Екі балаң қалай, ойнап-күліп жүр ме? Көп қылып жазып жібер. Құдай қаласа, Назекеме сәлем айт, құда болармыз.

Өзім қазір Дарул мұғалімінің бастығы, тұрмыс онша емес. Қайда барса да келгеннің оңғаны бар ма? Өпі-тақы тұрмыс.

Дарул мұғалімінде оқу жақсы болды. 69 бала оқиды. 8-і татар, 4-і ноғай, қалғаны қазақ-қырғыз. Оқулар орысша. Нарыннан, Пішпектен, Қарақолдан келген жәрдеммен күн көріп шықты. Тағы да тіленшіліктің жолына түсіп жатырмыз. Келер жылы Дарул мұғаліміне 21 бала алып, 100-ге жеткізіп, 4 класс ашпақпыз. Демеуші «А», «Б», «С» хәм негізгі 1-бөлім.

Бұл жақта да өте қымбатшылық болып кетті. Ұн пұты 250000 сом, ет қадағы 90000 сом, мата 250000 сом. Керосин табылмайды, табыла қалғанда қадағы - 400000 сом.

Ал, енді ол жақтың жай-күйін айтып хат жаза көр!

Қолы қойылған. 24.V.1922 г.»[14]. Дегенмен, Мұса Мылтықбаев та, Тәңірберген Отарбаев та Сталиндік қуғын-сүргіннен аман қалмай, жазықсыз жазаға ұшырады. Ал осынау жұмысымыздың, тынымсыз ізденісіміздің барысында біз бұл тұлғалардың Өзбекстан Республикасының мемлекеттік архивінен түрмеде түсірілген, бұрын-соңды еш жерде жарияланбаған суреттерін таптық. Зерттеуші қауыммен осы олжамызбен бөлісе отырып, алдағы күнде қос ағартушы-қаламгердің өмір жолы мен ғибратты ғұмыры зерттеле түссе дейміз.

Қылышынан қаны сорғалаған қызыл империя тарихта өзінің өшпес ізін қалдырды. 1937-1938 жылдар «қызыл репрессия» деген атпен белгілі. Осы кезеңде, қаралы нәубетте қуғын көрген Қыстаубаев Жұмабек 1904 жылы Оңтүстік Қазақстан облысы Түлкібас ауданы Сарыбұлақ ауылында туған.

1921 жылға дейін жалшылықта жүрген Жұмабек ауыл мектебінен қара танып, 1922 жылдың қыркүйек айында Шымкенттегі Қазақ педагогикалық техникумына қабылданады. Техникуды 1928 жылдың мамыр айында тәмамдап, 1929-1930 жылдар аралығында Түлкібас аудандық халыққа білім беру бөлімінің меңгерушісі, 1930 жылдың наурыз айынан бастап Түлкібас аудандық партия комитетінде нұсқаушы, 1930-1931 жылдары Жаңақорған аудандық партия комитетінің ұйымдастыру бөлімінің және әкімшілік шаруашылығында меңгеруші, 1931-1932 жылдары

Төменарық совхозында партия секретары, 1932 жылдың наурыз айынан бастап желтоқсан айына дейін Ащысайдағы Орталық Комитетінің түсті металлургия бөлімінде нұсқаушы, 1933-1934 жылдары түсті металл және алтын одағының орталық басқармасының төрағасының орынбасары, 1934-1936 жылдары Марксизм-Ленинизм қазақ институтында білім алып, репрессия кезінде 10 жылға сотталған Жұманбек Қыстаубаев Манкентте Абай атымен аталатын бастауыш мектептің салынуына да көп үлес қосты. 1937 жылы Балықшы ауданындағы «Балалар үйінің» директоры болып қызмет атқарып жүрген кезінде «халық жауы» деген нақақ жаламен жазалы болғанымен, 1947 жылы абақтыдан босатылады. Бірақ 1947 жылы қайтадан ұсталып Сібірге жер аударылады да, 1957 жылы 16 мамырда облыстық соттың төрағасы А.Асқаровтың шешімімен біржолата ақталып шығады. 1982 жылы қазан айында дүниеден өтті.

Ал, Жұмабек Қыстаубаевтың тағы бір қыры - ақындығы еді. Қаншама қиын күндерде жүрсе де бойындағы асыл өнерін жоғалтпай, әрбір кезенді, үрейлі күндерді өлеңмен өрнектеп қағазға түсіріп жүрген. Ол кісі 1920-1926 жылдар аралығында шыққан «Ақ жол» газетіне де мақала-өлеңдерін жиі болмаса да әрекедік жариялап отырған.

Жұмабек Қыстаубаевтың «Ақ жол» газетінің 496-санындағы «Лениннің ескерткіші» деген өлеңін төте жазудан аударып алдарыңызға ұсынып өтырмын:

«...Күні еді жексенбінің шықтым жолға,
Астыма темір тұлпар мініп жорға.
Жарысып ұшқан құспен қамшы баспай,
Үш күнде зорға жеттім Орынборға.
Аралап кеттім ішін, еттім сайран.
Үйлерге төрт-бес қабат болып аң-таң.
Еңбекшілді қол бұлғап шақырғандай,
Биікте көріп адам болдым қайран... » [15].

Мұнан бөлек қаламгер Қыстаубаев «Ақ жолда» «Қоян жүрек кедейге сор болды» атты мақала жариялап, оынау шағын еңбегінде: «...Шымкент уезі, Қарабұлақ қыстағында үлкен базар бар. Базардың айналасы қалың ел. Сол базардың арендаторлары қосшы, батырақтардың қаққанда қанын, соққанда сөлін сорады.

Қазақ кедейінің тіршілік шарты белгілі ғой! Базарға бір ешкі айдаса, үйі алыс болғандықтан өгізін міне келеді. Өгізін сыртқа тастап кетуге ұрыдан қорқып, базарға мініп кіреді.

Базарға түскен малдың бәрі өте бермек емес қой. Оның сатылмай қалатыны да болады. Бір кедей қаражатқа тарығып сатқалы әкелген ешкісі өтпей қалса да, арендаторлар ешкісіне 20 тиын, мініп келген өгізіне бір сом базар ақы сұрайды. Бермесе, коммунальный отделге білдіремін деп қорқытады. Сорлы, қоян жүрек кедейлер қорыққаннан береді де және арендаторлар базарда сатылған 500-ге жақын малдан базар ақы алғандығына қағаз бермейді. Бұған қарағанда арендаторлардың қиянаты аз емес. Қысқасы кедейлерді шыр айландырып жеп келеді.

Кедейлер базарға түсіп, өтпеген малына базар ақы төлесе, мініп келген көлігіне және төлесе, қалай тіршілік қылады? Бұл көрнеу көзге саудагердің не деген зорлығы? Бұларды тексеретін бар ма?» [16].-деп халықты қанаған қулардың зорлығын өткір тілімен сын садағына іліп, баспасөз арқылы бұқараға араша сұрайды. Демек Қыстаубаев сынды қалтарыста қалған жергілікті қаламгерлердің шығармашылығы да тасада қалмауы керек.

1937-нің қызыл қырғыны Сталиннің жеке ұйғарымының негізінде сол кездегі Ішкі істер халық комиссары Ежовтың 1937 жылдың 30 шілдесінде шыққан тоғыз баптан тұратын 00447-ші нөмірлі «Оперативті бұйрығынан» бастау алған. Сол бұйрық бойынша, бүкіл КСРО елінде 75095 адам атылып, 268095 адам сотталуы керек-ті. Ал Қазақстан бойынша 2,5 мың адам атылып, 5 мың адам 8 бен 10 жылдың арасында сотталу қажет-тұғын. Оның ішінде Оңтүстік Қазақстанда 350 адам ату жазасына кесіліп, 600 адам сотталуы керек. Бұл – ешқандай талқылауға, ақтауға жатпайтын әрі төрт ай ішінде (1937 жылдың 10 тамызынан басталып, 10 қарашасы арасында аяқталуы тиіс) қатаң түрде орындалуы шарт бұйрық-тын. Ел ішінде айтылып жүрген «халық жауы» деген термин дәл осы жылы қолданысқа енді. Соның кесірінен елде екі жыл бойы жүргізілген қуғын-сүргін зұлматында Қазақстан бойынша 25 мыңнан аса адам атылып, 113 мыңнан аса адам сотталған. Ал Оңтүстік Қазақстан облысында 2111 адам атылып, 25 мыңнан аса кісі сотталған. Солардың қатарында біз жоғарыда ғибратты ғұмырына біршама тоқталған қаламгерлер де бар. Ал Алаш баласына азаттық берілген бүгінгі Тәуелсіздік дәуірінде осындай тұлғаларымызды жастарға таныту үдерісінің желісін үзбей, жалғай түссек, рухани жаңғырудың да даңғыл жолынан қиыс кетпейміз.

Қорытынды

Қорыта айтқанда, саяси қуғын-сүргінге ұшыраған Оңтүстіктен шыққан ағартушылардың әдеби мұрасын ұлықтау – тың тақырып. Сталиндік террор, саяси репрессияға ұшыраған ұлт зиялыларын ұлықтау – уақыт талабы. Демек мұндай маңызды тақырыпты ғылыми түрде саралау Жаңа Қазақстанды қалыптастыруға, «Мәңгілік ел» болуға ұмтылып отырған ұлтымыз үшін де аса қажет.

Пайдаланылған әдебиеттер тізімі

1. «Ақ жол», №190, жұма, 7 июль, 1922 жыл.
2. «Ақ жол», №192, сәрсенбі, 12 июль, 1922жыл.
3. «Ақ жол», №271, бейсенбі, 8 февраль, 1923 жыл.
4. Усенов Ә. Үлкендер мектебіне арналған «Әліппе» 39-59 бб. Қазақтың мемлекеттік баспасы. 1937жыл.
5. Усенов Ә. Елеулі ақын // Жас қайрат. 1924 жыл.
6. Сонда.
7. «Ақ жол», №584, бейсенбі, 6 август, 1925 жыл.
8. «Ақ жол», №585, сейсенбі, 11 август, 1925 жыл.
9. «Ақ жол», №587, жұма, 28 август, 1925 жыл.
10. «Ақ жол», №587, жұма, 28 август, 1925 жыл.
11. «Ақ жол», №596, сенбі, 7 ноябрь, 1925 жыл.
12. Түркістан облысының қоғамдық-саяси тарихының мемлекеттік архиві. 16-қор, 1-тізбе, 647-іс, 5 п.
13. Майлыбаева А. «Қарасаң қалпы жаман замананың ...» деген Отарбаев кім еді? // Оңтүстік Қазақстан, №6 (18419). 15 қаңтар, 2008 жыл.
14. Түркістан облысының мемлекеттік архиві. 93-қор, 1-тізім, 3-бума, 28-іс.
15. «Ақ жол», №596. Сенбі, 7 ноябрь, 1925 жыл.
16. Ақ жол», № 493, Бейсенбі, 16октябрь, 1924 жыл.

References:

1. "Ak zhol", No. 190, zhuma, July 7, 1922 jyl
2. "Ak zhol", No. 192, sarsenbi, July 12, 1922 jyl
3. "Ak zhol", No. 271, beisenbi, February 8, 1923 jyl
4. Usenov A. Ulkender mektebine arналган "Alippe" 39-59 bb. Kazakhtyn memlekettik baspasy. 1937 jyl
5. Usenov A. Eleuli aқyn // Zhas kayrat. 1924 jyl
6. Sonda.
7. "Ak zhol", No. 584, beisenbi, August 6, 1925 jyl
8. "Ak zhol", No. 585, seisenbi, August 11, 1925 jyl
9. "Ak zhol", No. 587, zhuma, August 28, 1925 jyl
10. "Ak zhol", No. 587, zhuma, August 28, 1925 jyl
11. "Ak Zhol", No. 596, September, November 7, 1925 jyl
12. Turkistan oblysynyn kogamdyk-sayasi tarihyнын memlekettik archive. 16-kor, 11-tizbe, 647-is, 5 p.
13. Maylybaeva A. "Karasan qalpy zhaman zamananyn ..." dегen Otarbaev kim edi? // Ontustik Kazakhstan, No. 6 (18419). 15 kantar, 2008 jyl
14. Turkistan oblysynyn memlekettik archive. 93-kor, 1-tizim, 3-bum, 28-is.
15. "Ak Zhol", No. 596. Senbi, November 7, 1925 jyl
16. Akzhol, No. 493, Beisenbi, October 16, 1924 jyl